

ӘОЖ 612.017.1:616.36-002:636.7

Әмірғалиева С.С., Нұрғазы Б.Ө., Мауланов А.З.,
Кенжебекова Ж.Ж., Ибажанова А.С.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ИТТІҢ ИНФЕКЦИЯЛЫҚ ГЕПАТИТІ КЕЗІНДЕГІ ПАТОМОРФОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР

Аңдатпа

Мақалада инфекциялық гепатит кезінде иттің ішкі мүшелері мен ұлпаларындағы патоморфологиялық өзгерістерге сипаттама берілген.

Кілт сөздер: иттің вирустық аурулары, етқоректілердің инфекциялық гепатиті, патоморфологиялық өзгерістер.

Кіріспе

Соңғы жылдары біздің елімізде иттердің саны, соның ішінде бағалы және асыл тұқымдылары едәуір өсуде. Кинология саласында ветеринариялық ғылымның өзекті міндеттерінің бірі иттердің инфекциялық ауруларының диагностикасы әдістерін құрастыру және емдеу-алдын алу шараларын ұйымдастыру.

Етқоректілердің басқа ауруларының арасында инфекциялық гепатит елеулі үлес алады. Біріншілік ауру және өлім себебі ретінде иттің барлық инфекциялық ауруларының жалпы санынан инфекциялық гепатит 9% құрайды [1]. Иттің инфекциялық гепатиті әлемнің көптеген мемлекеттерінде тіркелген, Қазақстанның барлық аймақтарында кездеседі [2]. Етқоректілердің аурулары бойынша қазіргі індеттік жағдай өте күрделі. Көптеген аурулар (етқоректілер обасы, парвовирустық энтерит, аденовирустық инфекциялар, иттің инфекциялық гепатиті және т.б.) салмақты қауіп тудырып, ит шаруашылығына айтарлықтай зиян келтіреді [3].

Көптеген шет елдік және отандық ғалымдар өткен ғасырдың 70-ші жылдары иттің инфекциялық гепатитіне жан-жақты сипаттама берген [4]. Алайда осы кезге дейін бұл аурудың патоморфологиялық диагностикасы мәселе туғызады, өйткені жануарларды иммундеуді кең қолданудан оның клиникалық-морфологиялық көрінісі өзгеріп отырады.

Зерттеудің мақсаты – инфекциялық гепатит кезіндегі патоморфологиялық өзгерістерді анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеулер «Айболит» ветеринариялық клиникасы мен биологиялық қауіпсіздік кафедрасы базасында жүргізілді. Патологиялық материал 10 тұқымсыз, жасы 2-6 айлық, жеке тұлғалар меншігіндегі күшіктерден алынды. Күшіктер жұқпалы ауруларға қарсы дауаланбаған. «Айболит» ветеринариялық клиникасында қойылған клиникалық диагноз – инфекциялық гепатит. Бұл диагноз кафедраның зертханасында агар геліндегі диффузды преципитация реакциясы (ДПР) нәтижесімен расталды.

Патологиялық анатомиялық сойып-зерттеу биологиялық қауіпсіздік кафедрасының секциялық бөлмесінде жүргізілді. Күшіктердің өлекселерін Шор ұсынған толық эвисцерация әдісі бойынша сойып-зерттедік.

Материалды 10 % бейтарап формалинде бекітіп, парафинде қатайттық. Жұқа тілінділер жартылай автоматтандырылған микротом арқылы алынды. Бояу мақсатында гематоксилин-эозин, Ван-Гизон және Азур-эозин тәсілдерін қолдандық.



1-сурет. Өт қабы айналасының сарысулы ісінуі

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Зерттелген барлық күшіктердің қоңдылығы қанағаттанарлық, көзге көрінетін кілегейлі қабықтар бозғылт-қызғылт түсті болды. Мойын аймағындағы тері асты шелі сарысулы домбыққан.

Тимустың көлемі қатты кішірейген, кейбір жерлері жұқарған, тығыздығы болбыр, түсі сұрғылт.

Бас пен мойынның лимфалық түйіндерінің көлемі ұлғайған, ісінген, әдеттегіден күреңдеу түсті боялған, тығыздығы шамамен қаттылау, тілік беті ылғалды.

Қалқанша без үлкейген, онда нүктелі қанталаулар анықталды.

Миокард ашық-сұрғылт түсті, тығыздығы болбыр, қарыншалары едәуір кеңейген. Эндокардта нүктелі қанталаулар.

Өкпесі ұлғайған, күрең-қызыл түсті, тығыздығы қамыр тәрізді, тілік бетінен көбік аралас қанды сұйықтық ақты. Плеврада және мүшенің өзінде ұсақ нүктелі қанталаулар болды.

Бауырдың көлемі біраз үлкейген, түсі біркелкі емес: топырақ түстес, ашық-қоңыр және күрең-қоңыр түсті ошақтар шектескенін көрдік, тығыздығы болбыр. Сойып-зерттелген күшіктердің барлығында (100%) өт қабы өзгерген. Оның көлемі ұлғайған, өтке шамадан тыс толған, қабырғасы қалыңдаған, сарысулы домбыққан. Өт қабының айналасындағы ұлпа қатты ісінген (1, 2 суреттер).



2-сурет. Бауыр. Өт қабы қабырғасының сарысулы домбығуы


Көк бауыр үлкейген, тығыздығы болбыр, топырақ-түстес қызыл, қырындысы шамалы. Қабығының астында және мүше үстінде ұсақ қанталаулар бар.

Ішек-қарынның кілегейлі қабығы ісінген, түсі әркелкі: қызғылт түс күрең-қызыл түспен алмасады, қуысында көп мөлшерде кілегейлі зат бар.

Ұйқы безі үлкейген, қан тамырлары қанға лық толы, сұрғылт түсті.

Мида қантамырлар толыққанды.

Гистологиялық зерттеуде бауырда орталық вена мен беларалық синусоидтар шамадан тыс қанға толған, эндотелий торшалары ісінген. Диссе қуысында құрамында шамалы мөлшерде эритроциттері бар домбығу сұйықтығы жиналған. Беларалық құрылым бұзылған, гепатоциттер түйірлі диспротеиноз және ошақты некроз жағдайында. Көптеген гепатоциттердің ядролары пикноз, рексис және лизис күйінде (3 сурет).



3-сурет. Бауыр. Көптеген некроз ошақтары. Гематоксилин-эозин $\times 160$

Қарында кілегейлі қабықтың, кілегей асты қабаттың және етті қабаттың құрылымы бұзылған, қан тамырлары толыққанды, кілегейлі қабықта қабыну сұйықтығы жиналған. 12-елі ішектің кілегейлі қабығында бүрлердің домбығуы, деформациясы, эпителий торшаларының десквамациясы орын алды. Кілегей асты қабат домбыққан, онда лимфоциттер, дәнекер ұлпалық элементтер шоғырланған.

Ұйқы безінің құрылымы бұзылған, дәнекер ұлпалы стромасы домбыққан.

Лимфалық түйіндер мен көк бауырда синустар қанға лық толған, ретикулалық ұлпа домбыққан.

Бүйректе ирек түтікшелерінің эпителиі түйірлі диспротеиноз күйінде, қан тамырлары толыққанды, эндотелий торшаларының ісінуі және әлсіз пролиферациясы байқалды.

Өкпеде альвеолаларда эозинмен қызыл түске боялған домбығу сұйықтығы жиналған, респираторлы капиллярлар қанға шамадан тыс толған.

Миокард кардиомиоциттердің түйірлі диспротеинозы, қан тамырлардың толыққандылығы, диапедезді қантаулар анықталды.

Мида қан тамырлар толыққанды, қант алаулар, периваскулярлы және перицеллюлярлы домбығулар байқалды. Нейрондар дистрофиялық өзгерістерге ұшыраған.

Қорытынды

Сонымен, жүргізілген зерттеулер нәтижесінде иттің инфекциялық гепатитінің патогномдық патоморфологиялық өзгерістері мынадай болды: жіті паренхималық гепатит және паренхималық гепатоз; жіті сарысулы-катарлы холецистит; жіті спленит; жіті сарысулы лимфаденит; тимустың атрофиясы; жіті нефрит және бүйректің іркілмелі гиперемиясы; жіті сарысулы панкреатит; жіті катарлы гастроэнтерит; мидың іркілмелі гиперемиясы мен домбығуы; миокардиодистрофия мен миокардтың гиперемиясы; өкпенің жіті іркілмелі гиперемиясы мен домбығуы. Біз зерттеген күшіктерде инфекциялық гепатит негізінен жіті түрде өткен.

Әдебиеттер

1. Кудряшов А.А. Патологическая анатомия и патогенез инфекционных болезней собак и кошек. - СПб.: Б. С. К., 1999. - 176 с.
2. Порфирьев И., Уколова М. Гепатиты собак в условиях мегаполиса// Ветеринария. - 2008. - №5. - С. 71-76.
3. Китаев Н.С., Петрова О.Г. Эпизоотологические особенности инфекционного гепатита собак в условиях г. Екатеринбурга // Аграрный вестник Урала. – Екатеринбург, 2010. – № 11-2 (77). – С. 25.
4. Ниманд Ханс Г. Болезни собак - М.: Аквариум, 2008. - 816 с.

**Амиргалиева С.С., Нургазы Б.О., Мауланов А.З.,
Кенжебекова Ж.Ж., Ибазханова А.С.**

ПАТОМОРФОЛОГИЧЕСКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ ПРИ ИНФЕКЦИОННОМ ГЕПАТИТЕ СОБАК

Аннотация

В статье приводятся патоморфологические изменения во внутренних органах и тканях при инфекционном гепатите собак.

Ключевые слова: вирусные болезни собак, инфекционный гепатит плотоядных, патоморфологические изменения.

**Amirgalieva S., Nurgazy B., Maulanov A.,
Kenzhebekova Zh., Ibazhanova A.**

PATHOLOGICAL CHANGES IN INFECTIOUS HEPATITIS DOGS

Annotation

The article presents the pathological changes in the internal organs and tissues in infectious hepatitis of dogs.

Keywords: viral disease of dogs, infectious hepatitis, pathological changes.

ӘОЖ 579.873.13

Асылбаева Е.Ж., Кожаметова З.А.
Қазақ ұлттық аграрлық университет

ШТАМЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІНЕ САҚТАУ ӘДІСТЕРІНІҢ ӘСЕР ЕТУІ *B.BIFIDUM B-RKM-0577*

Андатпа

Бұл мақалада *B.bifidum* B-RKM-0577 штамның биологиялық қасиеттеріне әр түрлі әдістермен ұзақ мерзімде сақтаудың тигізетін әсерінің мәліметтері көрсетілген. Салыстырып зерттегенде лиофильді кептіру әдісімен сақтау антибиотиктерге төзімділік қасиетін